

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік  
әріптестік пен әлеуметтік және  
еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі  
салалық комиссияның  
2018 жылғы 7 желтоқсандығы  
№ 4-2018 хаттамасымен макұлданды

**2017-2019 жылдарға арналған**  
**Қазақстан Республикасының мұнай-газ,**  
**мұнай өндеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге**  
**№3 қосымша келісім**

Қазақстан Республикасының Еңбек және  
халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігінде  
2018 жылғы «14» «мейін» № 40  
болып тіркелген



Астана қаласы, 2018 жыл

**2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімге №3 қосымша келісім**

Астана қаласы

2018 жылғы 7 желтоқсан

Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия отырысының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы №4-2018 хаттамасына, 2017-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімнің (бұдан әрі – Салалық келісім) 1.9-тармағына сәйкес

уәкілетті мемлекеттік органның өкілетті өкілдері – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік),

жұмыс берушілердің өкілетті өкілдері: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – Жұмыс беруші),

жұмыскерлердің өкілетті өкілдері: «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ, «Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік одағы» ҚБ мен «Химия, мұнай-химия және өндірістің туыстас салалары жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподактар) Салалық келісімге осы №3 Қосымша келісімді жасасты және Салалық келісімге мынадай өзгеріс енгізуге келісті:

1. «Жалпы ережелер» деген I бөлімнің 1.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

**«1.1. Осы 2017-2019 жылдарға арналған Мұнай-газ, мұнай өндеу және мұнай-химия салаларындағы әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісім (бұдан әрі – Келісім) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының «Кәсіподактар туралы» Заңы, Қазақстан Республикасымен ратификацияланған Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы 2018–2020 жылдарға арналған бас келісімге (бұдан әрі – Бас келісім) сәйкес салалық ұйымдардың тұрақты әрі тиімді қызмет етуі мақсатында жасалған.**

2. «Жалпы ережелер» деген I бөлімнің 1.3-тармағы мынадай редакциядағы 8), 9), 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді іске асыруды қамтамасыз ету;

Кусаинова А.

—

9) салалық біліктілік жүйесін дамыту арқылы еңбек ресурстарының сапасын арттыру;

10) саланың кадрларға, оның ішінде шетелдік жұмыс күшіне деген қажеттілігін айқындау тәртібін жетілдіру».

3. «Жалпы ережелер» деген I бөлімнің 1.4-тармағының 1) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Тараптардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудан, өнеркәсіптік қауіпсіздіктен тұратын еңбек заңнамасын және өзге нормативтік актілерді сақтауы;

4) Тараптардың өзара міндеттерді қабылдау өкілеттілігі мен еріктілігі және олардың орындалу нақтылығы, әлеуметтік еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеуі;».

4. «Жалпы ережелер» деген I бөлімнің 1.4-тармағы мынадай редакциядағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) еңбек құқықтарын іске асыру кезде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, терісінің түсіне, ұлтына, тіліне, дініне қатыстырылуына, сеніміне, тұратын жеріне, жасына немесе дене бітімінің кемшиліктеріне, сондай-ақ қандай қоғамдық бірлестіктер қатарына жататындығына байланысты себептермен дискриминацияға жол бермеу.».

5. «Жалпы ережелер» деген I бөлімнің 1.5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.5. Келісім күші ҚР Энергетика министрлігі атындағы уәкілетті мемлекеттік органға, жұмыскерлер мен олардың өкілдеріне, сондай-ақ меншік нысанына тәуелсіз салалық ұйымдардың барлық жұмыс берушілеріне қолданылады.

Келісім осы Келісімнің қатысуышы болып табылмайтын жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің қосылуы үшін ашық.».

6. «Жалпы ережелер» деген I бөлімнің 1.8-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Келісім Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Бас келісіммен салыстырғанда жұмысшылардың жай-күйін нашарлатпауы тиіс мазмұндағы ұжымдық шарттар жасасқан кезде ұйымдарда келіссөздер жүргізу үшін негіз болып табылады».

7. «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген II бөлімнің 2.1-тармағы мынадай редакциядағы 7), 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) сала ішінде және оның кесіпорындарының ішінде еңбек ресурстарының құзыреттілігін арттыруды және кадрлардың икемді аусысуын қамтамасыз ету;

8) жұмысшылардың үздіксіз кәсіптік дамуын, экономиканың технологиялық жаңаруын есепке ала отырып, кадрларды кәсіби даярлауды және қайта даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

9) үш жакты келіссөздер және әлеуметтік әріптестік шеңберіндегі консультациялар барысында қол жеткізілген уағдаластықты сақтау».

8. «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген II бөлімнің 2.2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Осы Келісімді үйымдарда іске асыру үшін жағдай жасайды, ұсыныстарды қарайды, келіссөздер, консультациялар жүргізеді және үйым жұмысшыларымен олардың өкілдері – Кәсіподактардың тиісті үйымдарымен, ал олар болмағанда таңдаулы өкілдермен ұжымдық шарттар жасасады және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі – Кодекс) тәртібінде және онымен көзделген шарттарда өзге де міндеттерді орындаиды;».

9. «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген II бөлімнің 2.2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңес құрамында Кәсіподактармен (ал олар болмаған кезде жұмыс берушілердің өкілдерімен) еңбекті қорғау, өндірістік жарақат алудың және кәсіби аурулардың алдын алу, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды тексеру жүргізу бойынша бірлескен іс-қимылдарын жүзеге асырады;».

10. «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген II бөлімнің 2.2-тармағы мынадай редакциядағы 4), 5), 6), 7), 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«4) салалық біліктілік жүйесін дамытуға жәрдемдеседі;

5) салалық кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысады;

6) кәсіпорындарда дуальды оқытуды енгізуға ықпал етеді және тәлімгерлік институтты таратады;

7) азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жеке агенттіктерді тартады;

8) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының тиісті бағыттарын іске асыруға жәрдемдеседі;

9) Озық технологияларды енгізуді есепке ала отырып, негізгі қаражаттың жаңартылуын жүргізеді».

11. «Тараптардың өзара қарым-қатынастары мен міндеттемелері» деген II бөлімнің 2.4-тармағы мынадай редакциядағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

«4) саланың шетел жұмыс күшіне деген қажеттілігін айқындау тәртібін жетілдіруде жәрдем көрсетеді;

5) Ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен үндестіру есебінен өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруды ынталандырады, сертификаттау инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етеді».

12. «Саладағы әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту» деген IV бөлімнің 4.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4.2. Тараптар әлеуметтік әріптестіктің негізгі мақсаттары еңбек жанжалдарының алдын алу, жұмысшыларға олардың құқығын түсіндіру, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәжірибесін талдау және жетілдіру, әлеуметтік әріптестік және ұжымдық-шарттық реттеу, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау принциптерін енгізу деп таниды».

6) «Саладағы әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту» деген IV бөлім мынадай редакциядағы 4.3.1-тармақпен толықтырылсын:

#### «4.3.1. Тараптар:

- 1) «Еңбек шартын жасасу» бірлескен акциясына қатысуға;
- 2) әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алу және оларға жол бермеу бойынша алдын алу шаралар кешенін қабылдауға;
- 3) салалық кәсіпорындарда салалық келісімдер мен ұжымдық шарттарды орындау ақпаратын жыл сайын ұсынуға;
- 4) әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық түрде реттеу және ұжымдық еңбек дауларын шешу тиімділігін арттыру жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды дайындау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға;

5) өзіне алған міндеттемелерін орындау және өзара бақылауды жүзеге асыру үшін осы Келісімде айқындалған мәселелер бойынша ақпаратпен, құжаттармен және материалдармен, статистикалық деректермен алмасу жүргізуге келісті».

13. «Саладағы әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту» деген IV бөлімнің 4.6-тармағы мынадай редакциядағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік әріптестік тараптарының консультациялары мен келіссөздері кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды тұрақты түрде жариялауы және өзіне алған міндеттемелерін орындау жағдайы туралы ақпаратты жария ету;

6) ұжымдық еңбек дауларын реттеу, еңбек қатынастары саласындағы құқық бұзушылықтарын қарастыру келіп түскен қарсы іс-қимыл бойынша барлық тиісті шараларды өткізу».

14. «Саладағы әлеуметтік әріптестік пен диалогты дамыту» деген IV бөлім мынадай редакциядағы 4.8 және 4.9-тармақтармен толықтырылсын:

«4.8. Тараптар «Қауымдастық еркіндігі және ұйымға құқығын қорғау туралы» №87, «Кәсіпорындарда еңбек ететін өкілдердің құқықтарын қорғау



және оларға берілетін мүмкіндіктері туралы» №135 Халықаралық Еңбек Ұйымының конвенцияларына сәйкес ұйымдарда жұмысшылар өкілдерінің еркін қызметі үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

#### 4.9. Кәсіподақтар:

1) Жұмыскерлер арасында еңбек заңнамасы негіздерін оқытуды және түсіндіруді, келіссөздер жүргізу және еңбек даулары кезінде консенсусқа қол жеткізу дағыларын дамыту бойынша үйретуші тренингтер жүргізеді;

2) Ұжымдық еңбек дауы туындаған кезінде заңсыз ереуілдерге, жинальстарға, наразылық акцияларына жол бермей, қолданыстағы заңнама шеңберінде даудың шешуін қамтамасыз етеді».

15. «Еңбекақы төлеудің негізгі принциптері» деген V бөлімнің 5.2-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

Салалық коэффициенттер «Өндірістік орта факторларының зияндылық және қауіптілік, еңбек процесінің ауырлығы мен қауырттылық көрсеткіштері бойынша еңбек жағдайын бағалаудың гигиеналық критерийлері мен жіктелуі» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 30 қарашадағы №1.04.001.2000 нұсқаулығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1057 бүйрығына («Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік атtestаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12743 болып тіркелді) сәйкес зияндылық дәрежесі бойынша еңбектің жіктелетін шарттарына сәйкес келетін мөлшерде бірінші санаттағы жұмысшының базалық тарифтік мөлшерлемесінен пайызбен (4,8,12,16,20,24) белгіленеді.

16. «Еңбекақы төлеудің негізгі принциптері» деген V бөлімнің 5.2-тармағы 4) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоғарылатылған лауазымдық еңбекақылардың (мөлшерлемелердің) немесе үстемақылардың мөлшері осы салалық келісімде бекітілген салалық коэффициенттерді есепке алып, ұжымдық шарттарда және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалады.

Егер ұйымдарда ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыстарда еңбекақыны төлеу шарттары осы келісімде көзделген шарттарға қарағанда барынша жоғары мәндермен көзделген болса, олардың еңбек шарттары бойынша өндірістік объектілерді атtestаттауға дейін қайта қаралуы мүмкін емес;».

17. «Алеуметтік кепілдіктер, өтемақылар мен женілдіктер» деген VII бөлімнің 7.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс берушілер осы мақсаттар үшін қажетті бюджет қаражаты болған кезде:



- білім беру мен деңсаулық сақтауға жеке инвестицияларды тарту бойынша жәрдем көрсетеді;

- ұйымдар теңгеріміндегі әлеуметтік объектілерді (демалыс базасы, балаларды сауықтыру лагерлері, клубтық мекемелер, спорт ғимараттары, т.б.) күтіп-ұстайды және олардың қызметкерлеріне қолдау көрсетеді;

- кәсіподак ұйымдарына мәдени-көпшілік және деңе шынықтыру-сауықтыру шараларын ұйымдастыру үшін ақшалай қаражат ұсына алады.».

18. «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» деген VIII бөлімде 8.1 нөмір саны 8.1.1. деп жазылсын.

19. «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» деген VIII бөлім мынадай редакциядағы 8.1-тармақпен толықтырылсын:

«8.1. Министрлік экономиканы жаңғырту шеңберінде жұмыс күшінің ұтқырлығы және еңбек ресурстарының басқарылатын ағыны үшін жағдай жасауға қатысады».

20. «Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу» деген VIII бөлімнің 8.1.1-тармағы мынадай редакциядағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) еңбек нарығында шиеленісушілікке жол бермеу үшін, оның ішінде салада әлеуетті босатылатын кадрлардың күзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ету есебінен еңбек ресурстары ағындарын басқару жүйесін құрастыруға жәрдемдеседі».

21. «Гендерлік және жастар саясаты» деген IX бөлімнің 9.2-тармағы мынадай редакциядағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

«9.2. Тараптар гендерлік және жастар саясатына қатысты бірлескен қызметтің басым бағыттарын мыналар деп есептейді:

4) 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасында отбасылық және гендерлік саясаттың:

- ана мен баланы қорғауды, әйелдерді әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында гендерлік мәселелерді шешуге;

- балалардың күтімімен және олардың тәрбиесімен тең құқықта айналысатын әйелдер мен ер адамдарды қолдауға;

- шешімдерді қабылдау деңгейінде әйелдер өкілдігін арттыруға бағытталған тұжырымдамаларын іске асыру бойынша шараларды жүзеге асыру.

5) IT-білімдерін, қаржылық сауаттылығын және жастар патриоттығын тәрбиелеуді қалыптастыру».

22. «Салалық біліктілік шеңберін бекіту тәртібі» деген X бөлім мынадай редакциядағы 10.6. және 10.7-тармақтармен толықтырылсын:

«10.6. Тараптар салалық біліктілік жүйені дамыту бойынша жұмысқа бірлесіп қатысады.



10.7. Тараптар кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысады және қатысу үшін кәсіпорындарды тартады және «өмір бойы оку» принципін іске асыру үшін өз-өзін дамытуға жұмыскерлерді ынталандырады».

23. «Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша өндірістік кенес қызметін қалыптастыру және оның тәртібі» деген XI бөлім мынадай редакциядағы 11.1-тармақпен толықтырылсын:

«11.1. Тараптар:

1) еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша бірлескен іс-кимылдар үшін ұйымдарда қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша өндірістік кенес құруға ықпал етуге;

2) өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласында білімді насихаттауды, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді оқытуды ұйымдастыруға келісті».

24. «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген XII бөлімнің 12.4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жұмыс берушілермен және Кәсіподактармен бірлесіп, еңбек заңнамасын қолдану мәселелерін талқылауға қатысады;

2) еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсартудың және еңбекті қорғаудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуде және іске асыруда жәрдем көрсетеді;

3) қауіпті өндірістік объектілерді қашықтан қадағалау тетігін әзірлеуге және енгізуға жәрдем көрсетеді;

4) тиісті кәсіптік стандарттарды және қазіргі заманғы технологияларды есепке ала отырып, еңбекті қорғау саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіруде жәрдем көрсетеді.».

25. «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген XII бөлімнің 12.3-тармағы мынадай редакциядағы 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33) тармақшалармен толықтырылсын:

«25) кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың сакталуына ішкі бақылау жүргізу тиімділігін арттырады;

26) өндірістік жарақаттануды төмендетуге және кәсіптік аурулардың туындауына жол бермеуге бағытталған шаралар кешенін іске асырады;

27) еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау бойынша озық отандық және шетелдік жұмыс тәжірибесін енгізуға ұсынады;

28) еңбек жағдайларын жақсарту мақсатында өндірісті қайта құралданыруға және жаңғыртуға, өндөлген ресурсы мен қызмет мерзімі бар өндірістік жабдық үлесін біртіндеп төмендетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлейді;

29) заңнамаға сәйкес жұмыскерлердің мерзімді медициналық тексеруін жүргізеді және олардың нәтижелері бойынша уақтылы және толық түрде ұсынымдарды орындаиды;

30) еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына уақтылы аттестаттауды жүргізеді және жұмыскерлерге зиянды, ауыр және немесе қауіпті еңбек жағдайлары үшін женілдіктер мен ұстемақылар төлейді;

31) еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес ерікті декларациялау және қауіпті өндірістік объектілер қауіпсіздігін декларациялау бойынша жұмыс жүргізеді;

32) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікте болады;

33) өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласындағы жұмыскерлерді даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және аттестаттауды қамтамасыз етеді.

26. «Еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету және еңбекті қорғау» деген XII бөлімнің 12.4-тармағы мынадай редакциядағы 9), 10), 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікте болады, оның ішінде жұмыскер мен жұмыс берушінің ортақ жауапкершілігі принциптерінің негіздерін түсіндіру бойынша іс-шаралар жүргізеді;

10) еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді сақтау мәніне кәсіподак ұйымдарының мүшелері арасында ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізеді;

11) қауіпті өндірістік объектіде авариялар, қақтығыстар туралы ұйым әкімшілігіне деруе ақпарат береді.

27. «Қорытынды ережелер» деген XIX бөлім мынадай редакциядағы 19.7-тармақпен толықтырылсын:

«19.7. Тараптар Келісімді Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өндіру және мұнай-химия салаларында келісілген әлеуметтік-экономикалық саясатты жүргізу бойынша басым бағыттарды және қажетті іс-қимылдарды белгілейтін әлеуметтік әріптестіктің 2017-2019 жылдарға арналған негізгі күжаты ретінде таниды».

28. Осы Қосымша келісіммен аталмаған Салалық келісімнің барлық жағдайлары өзгеріссіз қалады және әлеуметтік әріптестік Тараптары олар бойынша өз міндеттемелерін растайды.

29. Осы Қосымша келісім Салалық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Мемлекеттік және орыс тілдерінде 7 данада құрастырылған.

30. Осы Қосымша келісім Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде тіркеլген күнінен бастап күшіне енеді және 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

31. Әлеуметтік әріптестік Тараптарының қолдары:

**ҚАЗАҚСТАН  
МИНИСТРЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының  
Энергетика вице-министрі

**РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**



**ЭНЕРГЕТИКА**

Б. Ақшолақов

Кусаинова А.

—

## ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Атамекен» Қазақстан Республикасының  
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы  
Төралқаның Әлеуметтік сала және  
әлеуметтік серіктестік комитетінің төрағасы,  
Еңбек жөніндегі омбудсмен



Г. Доскенов

«KAZENERGY» «Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені

ұйымдарының қауымдастыры

занды тұлғалар бірлестігі

Бас директор



Ә. Мағаяев

## ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ӨКІЛДЕРІ:

«Қазақстанның мұнай-газ кешенінің  
салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі  
Төраға



Г. Қалиев

«Қазақстанның мұнай-газ салалық

кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

Төраға орынбасары (сенімхат негізінде)



Е. Мустафина

«Химия, мұнай-химия және өндірістің

туыстас салалары жұмыскерлерінің

салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі

Төраға



К. Жірмұков

Кусаинова А.